



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Сараптау кеңестері туралы ереже



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

«Аккредиттеу және рейтингтің  
тәуелсіз агенттігі» КМ  
директорының 2012 жылғы «02»  
қарашадағы № 15-12-ОД  
бұйрығымен бекітілді  
(2019 жылғы 09 желтоқсандағы №  
117-19-НҚ бұйрығымен өзгертулер  
мен толықтырулармен енгізілген)

## Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Сараптау кеңестері туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Сараптау кеңестері туралы ереже (бұдан әрі—Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану және танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдарының және білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру қағидалары» 2017 жылғы 14 ақпандағы № 112 және 2016 жылғы 01 қарашадағы № 629 бұйрықтарына, білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес әзірленді және Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Сараптау кеңестері (бұдан әрі—СК) өкілеттігін, қалыптастыру тәртібі және қызметін ұйымдастыруды белгілейді.

1.2 СК Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – IAAR) сараптау және ақпараттық-кеңес беруді қамтамасыз етудің тұрақты қызмет ететін органдары болып табылады.

1.3 СК жұмысының мақсаты IAAR сарапшыларының жұмысын үйлестіру және білім беру сапасын қамтамасыз етуге көмек көрсету болып табылады.

1.4 Өз қызметінде СК Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру саласында Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен нұсқаулықты (ESG), IAAR Жарғысы мен нормативтік құжаттарын, сондай-ақ IAAR аккредиттеу стандарттары мен осы Ережені басшылыққа алады.

1.5 СК Агенттік бас директорымен, Аккредиттеу кеңесімен, Апелляциялар мен шағымдарды қарастыру жөніндегі комиссиямен, Қадағалаушы кеңеспен өзара іс қимыл етеді.

1.6 СК шешімдері IAAR үшін ұсынбалы сипатта болады.

1.7 СК мүшелерінің өз функцияларын өтеусіз негізде жүзеге асырады.

1.8 Өндірістік қажеттілік жағдайында IAAR СК мүшелерінің іссапар шығындарын өтеу мүмкін.

## **2. Сараптау кеңестерінің негізгі мақсаттары**

2.1 СК негізгі мақсаттары:

1) IAAR қызметін регламенттейтін, құқықтық құжаттарды (білім беру ұйымдарын және (немесе) білім беру бағдарламаларын институционалдық және (немесе) мамандандырылған аккредиттеу бойынша стандарттар және нұсқаулықтар), ішкі құжаттарды жетілдіру және дамыту бойынша ұсыныстардың сараптамасы;

2) сарапшыларды іріктеу, сарапшыларға қойылатын талаптарға сәйкестікті бағалау, сарапшы ретінде қызметті бағалау, сыртқы сарапшыларды дайындау және қайта дайындау, IAAR сарапшыларына санаттар беру;

3) кейінгі рәсімдер шеңберінде аккредиттеуден кейінгі мониторингті қоса отырып, СК қызметінің бағытына байланысты орта, техникалық және кәсіби, медициналық, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді дамытуды сараптамалық бағалау;

4) аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі бойынша Аккредиттеу Кеңесі бекіткен, сыртқы сараптау комиссиясы тағайындаған ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша білім беру ұйымдарының аралық есептерін сараптамалық бағалау;

5) білім беру ұйымдарының, соның ішінде IAAR Аккредиттеу Кеңесінің шешімі бойынша 1 (бір) жыл мерзімге аккредиттелген білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының және (немесе) аккредиттелмеген білім беру ұйымының және (немесе) білім беру бағдарламасының қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

6) IAAR сарапшыларын білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын сараптау бағалауға қатыстыру болып табылады.

## **3. Сараптау кеңестерін қалыптастыру тәртібі**

3.1 СК келесі бағыттар бойынша, IAAR бас директорының бұйрығымен құрылады:

Жоғары білім беру жөніндегі Сараптау кеңесі;

Техникалық және кәсіби білім беру жөніндегі Сараптау кеңесі;

Медициналық білім беру жөніндегі Сараптау кеңесі.

3.2 СК өкілеттік мерзімі – 5 (бес) жыл.

3.3 СК құрамы сарапшылар арасынан қалыптастырылады, соның ішінде IAAR шетел сарапшыларынан. Әр СК мүшелерінің саны бағыты бойынша – 5-11 адам.

3.4 СК құрамына СК төрағасы және мүшелері кіреді.

3.5 Әр бағыт бойынша Төраға 5 жыл мерзімге дауыстардың көпшілігімен СК мүшелері арасынан сайланады және IAAR бас директорының бұйрығымен

бекітіледі. СК Төрағасының өкілеттік мерзімі өткеннен кейін сайлату жоғарыда аталған принцип бойынша жүзеге асырылады. Өз міндеттерін тиісті орындаған жағдайда қызмет ететін Төрағаның өкілеттік мерзімін СК мүшелері дауыстарының көпшілігімен ұзартуға болады.

3.6 СК Төрағасы IAAR бас директорымен келісу бойынша:

- 1) СК қызметіне басшылықты жүзеге асырады;
- 2) СК отырыстарын шақыртады және өткізеді;
- 3) СК отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 4) СК отырыстарына қатысу үшін ұйымдардың өкілдері мен мүдделі тұлғаларды шақырады;
- 5) СК мүшелері арасында міндеттерін бөліп таратады;
- 6) жұмыс (сараптау) топтар құрамын құрайды;
- 7) ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда СК мүддесіне өкілдік етеді;
- 8) СК атынан СК хаттамаларына, шешімдеріне, есептері мен өзге құжаттарына қол қояды;
- 9) СК отырыстарын өткізу уақыты мен орнын белгілейді (келісу бойынша);
- 10) СК қызметінің шеңберінде оның мүшелеріне тапсырмалар береді;
- 11) СК шешімдері орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 12) СК қызметін қамтамасыз ету үшін өзге функцияларды жүзеге асырады.

3.7 СК мүшелерінің өкілеттілік мерзімі, әдеттегідей, бір мерзімге 5 (бес) жылдан аспайды, бірақ олар бір реттен артық емес жаңа мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Студент үшін СК мүшесі ретінде сайлану мерзімі болып оның оқу мерзімі есептеледі.

3.8 СК мүшелері жазбаша өтініш негізінде өз қалауы бойынша Кеңестен шығулары немесе СК шешімі бойынша немесе IAAR бас директорының бұйрығымен Кеңес құрамынан шығарылуы мүмкін. СК мұндай мүшесінің өкілеттігі аталған хабарландыруды алған уақыттан бастап тоқтатылады.

3.9 СК мүшесі дәлелді себепсіз 5 (бестен) аса отырыстан қалса, IAAR бас директоры аталған мүшені шығару құқығын өзіне қалдырады.

3.10 СК жаңа мүшесін IAAR бас директорының бұйрығы негізінде Кеңес құрамына кіргізеді.

3.11 СК әкімшілік қолдауды, IAAR бас директорының бұйрығымен бекітілетін IAAR қызметкері қамтамасыз етеді.

3.12 Хатшы СК отырыстарының ұйымдастыру-техникалық дайындығын қамтамасыз етеді, соның ішінде СК қарастыру үшін материалдарды уақтылы ұсынуға бақылауды жүзеге асырады, отырыстар күн тәртібін, хаттамаларды (шешімдерді) дайындайды, СК мүшелеріне отырысты өткізу орны мен уақыты туралы хабарлайды, Төрағаның тапсырмаларын және СК жұмысы бойынша басқа әкімшілік функцияларды орындайды.

3.13 СК мүшелері СК мүшесінің кодексіне қол қояды және оны сақтауға жауапкершілікті атқарады. Оны дөрекі бұзған жағдайда, СК мүшесі СК құрамынан шығарылуы мүмкін.

3.14 СК мүшелері өз ұйымдары мүддесін білдірмейді және тәуелсіз сарапшылар ретінде қызмет етеді.

3.15 СК құрамы және оған кез-келген өзгерістер, толықтырулар, IAAR бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

#### **4. Сараптау Кеңестерінің отырыстары**

4.1 СК өз қызметін отырыстар форматында өткізеді.

4.2 СК мүшелері онлайн режимде отырыстар жұмысына қатыса алады (бейнеконференция, бейне-қоңырау соғу, Skype және басқа). Қашықтан қатысу СК отырысына физикалық қатысуға теңестіріледі.

4.3 СК отырысын Төраға басқарады.

4.4 СК отырысы қажеттілігіне қарай жылына екі реттен кем емес кворум болған жағдайда өткізіледі.

4.5 Отырысты СК Төрағасы шақыртады. СК хатшысы отырысты өткізу орны туралы хабарландыруды, күн тәртібін және басқа тиісті материалдарды Кеңес мүшелеріне, отырысты өткізу жоспарланып отырған күнге дейін 1 (бір) айдан кешіктірмей жолдайды.

4.6 СК отырысы Төрағаны қоса отырып, Кеңестің жалпы құрамынан 2/3 бөлігі бар болған жағдайда кворумға жетті деп есептеледі.

4.7 Егер кворум болмаса, Төраға кезекті отырысты бір апта ішінде шақыртады.

4.8 СК қатысу еркін түрде болып табылады.

4.9 Шұғыл отырыстарды СК Төрағасы тәулік ішінде шақыртады.

4.10 СК отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ СК мүшелері болып табылмайтын, мүдделі тұлғаларды шақыртып өткізілуі мүмкін.

Шақыртылған тұлғалар тізімін СК Төрағасы белгілейді.

4.11 Қарастырылған мәселелер бойынша СК ұсыныс сипатындағы шешімдері дауыстардың көпшілігімен ашық дауыс беру арқылы қабылданады (қатысушылардың, соның ішінде онлайн режимде Кеңес жұмысына қатысушылардың санынан).

4.12 Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның дауысы шешуші болады.

4.13 Отырысты өткізу тәртібі, мәселелер мен талқылаулар, Хатшы жүргізетін, СК отырыс хаттамасында көрсетіледі.

4.14 Қағаз тасымалдаушыларындағы отырыстар хаттамаларына Төраға және СК хатшысы қол қояды, IAAR құжаттамаларында сақталады.

Хатшы СК отырысының хаттамасында көрсетілген, мәліметтердің толықтығы мен анықтығына жауап береді.

4.15 СК хатшысы отырыс өткізілгеннен кейін әкі апта ішінде Кеңестің барлық мүшелеріне отырыстар хаттамаларының электрондық көшірмелерін таратуы тиіс.

#### **5. Есепке алу және есептілік**

5.1 СК өз қызметі туралы жыл сайынғы есепті IAAR бас директорына

ұсынады.

## **6. Сараптау Кеңестерін қайта құру және жою**

6.1 Осы ережені өзгерту туралы шешімді IAAR бас директоры қабылдайды.

6.2 СК қайта құру және жою туралы шешімді IAAR бас директоры қабылдайды және тиісті бұйрықпен ресімдейді.

